

КҮЙШІ МҰХАМЕТЖАН ТІЛЕУХАНОВ: ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ӨНЕРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Әсел Алина¹, Сәуле Өтеғалиева²

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
(Алматы, Қазақстан)

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақстандық этномызикатану саласында бұрын арнайы қарастырылмаған күйші Мұхаметжан Тілеухановтың тұлғасы мен шығармашылығы алғаш рет ғылыми тұрғыда сипатталды. *Зерттеудің мақсаты* – Тоқа күйшілік мектебінің көрнекті заманауи өкілі (1830-1914) (Арқа шертпе дәстүрі) Мұхаметжан Тілеухановтың шығармашылығын (орындаушылығын) айқындау. *Зерттеудің міндеттері:* күйшінің орындаушылық өнерін сипаттау және шығармашылығы мен авторлық «Арман-ай», «Аңсаған» күйлеріне жан-жақты талдау.

Зерттеу барысында авторлар *салыстырмалы-типологиялық, тарихи-салыстырмалы,* сонымен қатар *жүйелі-этнофондық* (Игорь Мацневский) *әдістемелеріне* сүйенді. Домбыра күйлерінің *тақырыбы, композициялық құрылымы, өлшем-ырғақтық және ладтық-интонациялық* ерекшеліктерін анықтау мақсатында профессор Сәуле Өтеғалиеваның музыкалық-стильдік талдау *әдісі, негізгі интонациялық ырғақтық кешен* (НИЫК – Сәуле Өтеғалиева термині) және *нұсқалы-шумақтық құрылым* терминдері қолданылды. Отандық музыкатанушылардың (Ахмет Жұбанов, Болат Сарыбаев, Хайрулла Жүзбасов, Бақдәулет Аманов, Әсия Мұхамбетова, Сәуле Өтеғалиева, Пернебек Шегебаев, Сайра Райымбергенова, Гүлзада Омарова, Раушан Несіпбай) зерттеулері мен *шертпе* күй зерттеушілерінің (Уәли Бекенов, Жарқын Шәкәрімов, Біләл Ысқақов, Айтжан Тоқтаған, Жанғали Жүзбай, Мұрат Әбуғазы) еңбектері негіз болды. Сондай-ақ, филология ғылымдарының докторы, фольклортанушы Ақселеу Сейдімбеков пен Рахманқұл Бердібай ғалымдардың жұмыстарына баса назар аударылды. Жаңаарқа күйшілері туралы мағлұмат берген Жақсылық Мағзымұлы мәліметтері мен Жаңаарқа энциклопедиясы ақпараттары бұл жұмысқа арқау болды. Қосымша дерек көздері ретінде автордың Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы бойынша жүргізілген экспедициялық материалдары күйші Мұхаметжан Тілеуханов, Жанғали Жүзбаев сынды күйшілерден алынған сұхбаттар (Қарағанды, 22 шілде, 2023. Алматы, 30 тамыз 2023.) енді. Күйлерді талдау барысында авторлар *шертпе* күй жинақтарына жүгінді (Біләл Ысқақов –

«Сарыарқа саздары», Мұрат Әбуғазы – Мұхаметжан Тілеуханов «Арман-ай»). Зерттеу нәтижесінде М.Тілеуханов күйлерінің заманауи интонациялық жүйесі (ән және қобыз музыкасының әсері) анықталды. Мақала шертпе күй өнерін зерттеуде қажетті әдістемелік ұсыныстар мен білім беру бағдарламаларына қажеттілігі басым.

Түйін сөздер: Арқа өңірі (Орталық Қазақстан), шертпе күй, домбыра, дәстүрлі күйші, талдау.

Дәйексөз үшін: Әсел, Алина және Өтеғалиева Сәуле. «Күйші Мұхаметжан Тілеуханов: орындаушылық өнері мен шығармашылығы». *Central Asian Journal of Art Studies*, vol. 11, №1, 2026, с. 33–54, DOI: 10.47940/cajas.v11i1.1126

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екенін мәлімдейді.

Кіріспе

Арқа шертпе күй дәстүрінің негізін Ақалаған Тәттімбет Қазанғапұлының (1815-1860) музыкалық мұрасын жалғастырып, өзіндік орындаушылық дәстүр қалыптастырған Тоқа Шоңманұлының (1830-1914) күйлері бүгінде орындалып, насихатталып келеді. Алғаш рет Тоқа күйшінің есімі академик Ахмет Жұбановтың еңбегінде аталды (78). Дегенмен, Тоқа күйшінің шығармашылығы жайында толыққанды ғылыми зерттеу жұмыстары жоқ екені мәлім. Тоқа күйшінің мұрасын бүгінгі күнде кеңінен насихаттап, орындаушылық дәстүрін жалғастырып жүрген әрі бірқатар күйлердің авторы ретінде танылған — Мұхаметжан Тілеухановтың есімі ерекше аталады. Жұмыстың мақсаты күйшінің шығармашылығына

қатысты толыққанды ғылыми зерттеу жүргізу. Зерттеу барысында *күйшінің мұрасын кешенді талдау арқылы оның Арқа күй дәстүріндегі орнын анықтау, сондай-ақ, Тоқа күй мектебін жалғастырушы ретіндегі орындаушылық ерекшеліктерін айқындау* көзделеді. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

1) Мұхаметжан Тілеухановтың Тоқа күйшілік мектебін жалғастырушысы ретіндегі тұлғасын және орындаушылық өнерінің ерекшеліктерін талдау;

2) Мұхаметжан Тілеуханов шығармашылығына сипаттама беріп, «Арман-ай», «Аңсағаным» күйлеріне *музыкалық-стильдік* талдау;

Мұндай ғылыми зерттеулер кәсіби білім беру, өнертану, музыка теориясы, этномузикатану салалары үшін маңызды болып табылады.

Арқа *шертпе* күй дәстүрі Сарыарқа¹ (Орталық Қазақстан) өңірінде қалыптасып, халықтық мәдени мұрасының маңызды әрі ажырамас бөлігіне айналды. Арқа күйшілік мектебі ішіндегі Жаңаарқа өңіріндегі Тоқа күй дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып бүгінгі күнге жетіп отыр. Тоқа күйлерін насихаттап, орындаушылық дәстүрін

¹Сарыарқа — географиялық орналасқан жері Орталық Қазақстан аймағы. Батысында Торғай үстірті, шығысында Тарбағатай тауларымен, солтүстігінде жазық дала, оңтүстік-батысында Тұран ойпатымен шектеседі [<https://stud.baribar.kz/7274/saryarqanynh-zher-bederi-men-geologiyalyq-qurlusy-paydaly-qazbalaryn-tabighat-zhaghdaylary/>].

жалғастырған ізбасарларының қатарында Сүгір Әлиев, Әбікен Хасенов, Бегімсал Орымбеков, Сарбас Бақмағамбеттер сынды күйшілер бары белгілі. Әсіресе, Тоқа туындылары кең таралған Ұлытау² өңірінен шыққан көрнекті күйшілер Токпан Мүсірәлім, Қойбағар Жылқыбаев, Көкен Тоқтамысов, Ералы Тоқанов, Амантай Бозмағамбетов, Мейрам Ұлмағамбетов, Мұхит Битенов, Ахат Байбосынов, Әбікен Есенов, Фазыл Тұтқабеков, Мұхаметжан Тілеуханов, Сматай Үмбетбаев сынды күйшілердің есімдері белгілі. Мақала қазіргі заман күйшілерінің арасында Тоқа күй дәстүрінің орындаушылық үлгісін насихаттап жүрген күйші – Мұхаметжан Тілеухановтың шығармашылығы мен орындаушылық ерекшеліктерін сипаттауға арналады.

Зерттеу әдістері

Мұхаметжан Тілеухановтың шығармашылығын және аспабын зерттеуде кешенді *салыстырмалы-типологиялық, тарихи-салыстырмалы және жүйелі-этнофондық* (Мациевский 58) әдістемелеріне сүйенді. Дәстүрлі аспаптық музыканы зерттеу барысында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры Сәуле Өтеғалиеваның авторлық *музыкалық-стильдік талдау* әдістемесіне жүгінді. Аталған әдістеме музыкалық шығарманың *тақырыбын, композициялық құрылымын, өлшем-ырғақтық және ладтық-интонациялық ерекшеліктерін* анықтауға арқау болды. Ғылыми жұмыста автордың енгізген – *негізгі интонациялық ырғақтық кешен* (НИЫК) және *нұсқалы-шумақтық құрылым* терминдері пайдаланылды (Утеғалиева 23-30).

Қазақ күйлерін зерттеген бірқатар Отандық музыкатанушылар: академик Ахмет Жұбанов, Болат

Сарыбаев, Хайрулла Жүзбасов, Сәуле Өтеғалиева сынды музыкатану саласы ғалымдарының еңбектері, кеңірек алғанда – домбыра күйлеріне ғылыми зерттеулер жүргізген Бағдәулет Аманов, Асия Мұхамбетова, Пернебек Шегебаев, Сайра Райымбергенова, Гүлзада Омарова Раушан Малдыбаева сынды ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, зерттеулер жүргізілді. Әсіресе, *шертпе* күйлерді орындап, қалам тартқан Уәли Бекенов, Тмат Мерғалиев, Жарқын Шәкәрімов, Біләл Ысқақов, Айтжан Тоқтаған, Жанғали Жүзбай, Мұрат Әбуғазы т.б. бірқатар күйшілердің жазбаша жұмыстары негізге алынды. Сонымен қатар, филология ғылымдарының докторы, фольклортанушы Ақселеу Сейдімбек пен Рахманқұл Бердібайдың еңбектерімен бірге Жаңаарқа күйшілері туралы дерекнамдан алынған ақпараттарға баса назар аударылды. Жаңаарқа күйшілері туралы мағлұмат берген Жақсылық Мағзымұлы мәліметтері мен Жаңаарқа энциклопедиясы ақпараттары бұл жұмысқа арқау болды. Қосымша дерек көздері ретінде автордың Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы бойынша жүргізілген экспедициялық материалдары, Мұхаметжан Тілеуханов (Қарағанды, 22 шілде, 2023. Алматы, 30 тамыз 2023. Алматы, 30 тамыз 2023. Астана, 11 наурыз 2026), Жанғали Жүзбаев (Астана, 25 желтоқсан 2023) сынды күйшілерден алынған сұхбаттар енді.

²Ұлытау – Сарыарқа тауларының ішіндегі ең көнесі. Бетпақдала үстірті Ұлытау ауданының оңтүстік бөлігін алып жатыр, ол Шу мен Сарысу өзендері аралығында орналасқан. Ұлытау ауданының оңтүстік батысы Тұран ойпаты аумағына кіреді. Бұл өңір сусымалы құмдармен ерекшеленеді. Арал маңы Қарақұмы шығыс бағытта Арысқұм алқабымен қосылады. Ұлытау ауданының аумағында солтүстіктен оңтүстікке қарай үш табиғат зонасы – құрғақ дала, шөлейт және шөл қалыптасқан (К. Ахметов. Ұлытау. Астана, 2006. 42-43 б.).

Күйлерді талдау барысында авторлар *шертпе* күй жинақтарына жүгінді (Білал Ысқақов – «Сарыарқа саздары», Мұрат Әбуғазы – Мұхаметжан Тілеуханов «Арман-ай»).

Пікірталас

1. Мұхаметжан Тілеуханов – Тоқа күйшілік мектебін жалғастырушы тұлға. Орындаушылық өнеріне сипаттама.

Мұхаметжан Тілеуханов – Сайдалы³ Сары Тоқаның күйшілік мектебін насихаттап, жалғастырушы. Жалпы репертуар қорында 30-ға жуық күйлер бар. Олардың ішінде Тәттімбеттің «Бестөре», «Сылқылдақ», «Қосбасар», Қыздарбектің «Қосбасар», Дайрабайдың «Дайрабай» (III нұсқасы), «Тұршы жаным», «Әттеген-ай» күйлері және Тоқа күйшінің «Төрт толғау» (Есірту, Арнау, Зарлау, Жоқтау), «Бас Қосбасар», «Шер Қосбасар» (I нұсқасы), «Қосбасар» (III нұсқасы), «Бозайғыр» т.б. күйлер кіреді.

Күйші 1946 жылы Қарағанды облысы (қазіргі уақытта Ұлытау облысы), Жаңаарқа ауданы, Атасу елді мекенінде дүниеге келген⁴. Әкесі Ғайниддин Тілеуханов, Мұхаметжанды алты жасынан бастап домбыра тартуға баулыған. Жастайынан құлағы күйге

³Сайдалы рудың аты – Арғын тайпасының ішінде Қуандық руынан тараған.

⁴Арғын елінен тараған Қуандық-Күшікбай-Тоқа-Мырзамбет руынан тараған. Әкесі Тілеуханов Ғайниддин Ұлы Отан соғысының ардагері аудандық прокуратура, атқару комитетінде және негізгі қызметі тұтынушылар одағының басшысы қызметін атқарған. Анасы Айнагүл Кәдіркейқызы 17 жасында тұрмысқа шығып, он төрт құрсак көтерген. М.Тілеуханов отбасындағы тұңғыш баласы (Мұсылманбек Ж. Бәбіжан Б. 14 б.). Алматы халық шаруашылығы институтын 1968 жылы аяқтап, Жаңаарқа ауданында мамандығы бойынша қызмет атқара жүріп, домбырасын қолынан тастамаған.

қанып өскен Мұхаметжанға домбыра тартуын шындаған күйшілердің бүгінгі күнге дейін өкінішке орай күйлері жетпей, ұмытылып кеткен. Бүгінде Тоқа күйлеріне қызығушылық танытқан жастарға да барынша үйретіп отыратынын мәлімдеді (Алина, Асель. М.Тілеухановпен жеке сұхбат. Қарағанды, 22 шілде 2023 ж.).

Мұхаметжан Тілеухановтың репертуарында Арқа күй дәстүрінің көрнекті өкілдері Тәттімбет Қазанғапұлы (1815-1860), Тоқа Шоңманұлы (1830-1914), Дайрабай Ерназарұлы (1860-1937), Әшімтай Қарымсақұлы (1808-1903) т.б. күйлері орындалады. Қазақтың дәстүрлі күйма құлақ әдісімен тәлім алған күйшілер қатарындағы Мұхаметжанды күйшілік өнерге баулыған ұстаздарын атап өту маңызды. Тоқа Шоңманұлының күйшілік мұрасын қалай меңгерді деген сұрақ туындайды. Бұл жөнінде Жаңаарқа өңірінде өмір сүрген күйшілер туралы деректер мен Мұхаметжан Тілеухановпен жүргізілген жеке сұхбаттардан алынған мәліметтер біршама ақпарат береді. Күйші, зерттеуші Уәли Бекенов еңбегінде Жаңаарқа өңірінде күйші Тоқа күйлерін орындап жүрген және ел ішінде оны көзімен көріп, күйін тыңдаған қариялар туралы мәлімет келтіреді. Автордың айтуынша, «Тоқа күйлерін шертетін Жаңаарқа ауданында ел ішінде Тоқаның алдын көріп, күйін тыңдаған Кәдіркей Садуақасұлы, Мұхит Битенов, Сарбас Бақмағанбетұлы және Тайтөлеу домбырашы, Бегімсал Орымбеков, домбырашы Сейтен, Тайжан Тойшыбеков сынды қариялардың бірі Тоқаның өміріне қанық болса, енді бірі күйші мұраларын сақтап келген» деген ақпарат береді (Схема 1. қарау) (Бекенов, 21). Алайда, аталған күйшілердің Тоқаның өзінен тікелей күй үйренгені жөнінде нақты деректердің болмауына байланысты бұл мәселе әзірге ашық күйде қалып отыр.

М.Тілеухановтың күйші әрі орындаушы ретінде қалыптасуына




Схема 1. Мұхаметжан Тілеухановты күйшілік өнерге баулыған ұстаздары

әсер еткен Тоқа күйшілік дәстүрін жалғастырған ізбасарларының ықпалы зор болды.

*Тоқпан Мүсірәлімұлы*⁵ (1880-1966) Тоқаның «Бастау Қосбасар», «Зар Қосбасар», «Сән Қосбасар», «Назқоңыр» күйлерін орындап, таспаға жаздырған. (Жұмаділдин 348). Деректерде оның серілік қасиетімен танылған, балуан болғаны және ескі қиссаларды жатқа айтатын әнші ретінде белгілі болғаны айтылады. Сондай-ақ, ол орыс халқының «Баламишка» әнін Ресей қалаларында және Қоянды жәрмеңкесінде⁶ де орындап, өз жанынан ән мен күй шығарған өнерпаз болған. 1952 жылы Ғылым академиясының зерттеушілері Сайдалы Сары Тоқаның «Сарыжайлау» күйін Тоқпан Мүсірәлімұлының орындауында жазып алған (Мағзымұлы 79). Мұхаметжан күйші Тоқпан ұстазымен бала күнінде нағашысының үйінде кездесіп, тікелей өзінен күй үйренген.

Кәдіркей Садуақасұлы (1900-1986) нағашы атасы (Анасы Айнагүлдің әкесі) сөзге шешен, шежірелер мен жыр-қиссаларды орындаушы болған. Ол жас Мұхаметжанның қолына домбыра ұстатып, алғаш ұстаздарының бірі ретінде күй өнеріне баулыған деген

мәліметтер беріледі. Деректерде оның Сәкен Сейфуллиннің көзін көрген, күйшілігімен қатар тілге шешен адам болғаны да айтылады (Мағзымұлы 92). Кәдіркей ақсақал Тоқаның «Төрт толғау» цикл күйлерін үйреткен. (Алина, Асель. М. Тілеухановпен жеке сұхбат. Алматы, 30 тамыз 2023 ж.).

Сарбас Бақмағанбетұлы (1894-1982) (үлкен атасы Тілеуханның немере інісі) Тотаң⁷ мектебінен шыққан күйші болды (жеке сұхбатында: «Бахым Абайдың Сарбасы» деп атайды), Тәттімбет, Тоқа, Дайрабайдың күйлерін меңгерген. Сарбас Бақмағанбетов (Тілеуханның (атасы) немере інісі). Сарыбас күйшіден «Дайрабай» күйінің ескі нұсқасын үйренген. Мұхаметжан Дайрабайдың «Дайрабай» (II нұсқасы), «Тұршы жаным», «Өттеген-ай» күйлерін осы Сарбас күйшіден үйренген (Мағзымұлы 88). Үлкен әкесі (Мұхаметжан күйші солай атайды) Сарбас ұстазымен алғаш 1970 жылы

⁵Күйшінің оң жақ көзі көрмегендіктен ел арасында соқыр Тоқпан атанған.

⁶Қоянды жәрмеңкесі (1848-1930) — кезінде Орталық Қазақстанда өткізіліп отырған ең ірі маусымдық сауда орны.

⁷Тоқа Шоңманұлын ел арасында Тотаң деп атаған. «Тоқа» атты рудың барын ескерген.

кездесіп, Тоқаның «Бастау Қосбасар», «Дайрабай» күйлерін үйренген. (Алина, Асель. М.Тілеухановпен жеке сұхбат. Алматы, 30 тамыз 2023 ж.).

Қойбағар Жылқыбайұлы (1900-1981) күйші Жаңаарқаның тумасы. Тоқа, Дайрабай, Қыздарбектің күйлерін шебер орындап, ел арасына насихаттаған күйші (Жұмаділдин 341). Кенесары, болыс болған Телғозының Шоңы туралы мәліметтер берген (Мағзымұлы 91). Мұхаметжан күйшімен бір сахнада өнер көрсетіп, Дайрабайдың «Дайрабай», «Тұршы жаным», «Әттеген-ай» күйлерін үйреткен (Алина, Асель. М.Тілеухановпен жеке сұхбат. Алматы, 30 тамыз 2023 ж.).

Төлеутай (Төлтай) Бұйынтақұлы (1898-1984) Тәттімбет, Тоқа, Қыздарбек, Әбди күйшілердің «Қосбасар» күйлерін орындаған (Жұмаділдин 348). Тәттімбеттің «Бес төре», «Азамат Қожа» күйлерін меңгерген (Алина, Асель. М.Тілеухановпен жеке сұхбат. Алматы, 30 тамыз 2023 ж.).

Мұқаш Ахметбекұлы Жүнісов (1897-1976) жастайынан өнерге бейім болып, күйшілік дәстүрді ерте меңгерген. Деректерге қарағанда ол, Тәттімбет, Тоқа, Дайрабай, Қыздарбек, Қорқыттың күйлерін шебер орындаған. Сондай-ақ, «1959 жылы Қазақ радиосының алтын қорына Мұқаш күйшінің орындауында бірнеше күйлер енген» деген мәлімет беріледі (Жұмаділдин 342). Жеке сұхбат барысында Мұхаметжанның орындауындағы Тоқаның «Қосбасар» күйлері осы күйшіден үйренгенін мәлімдеді (Алина, Асель.

⁸Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, «Музыкатуан және композиция» кафедрасының профессоры, философия докторы (PhD) Айжан Бердібай Рахманқұлқызы, мақала авторы Асель Алинаға табыстады (Алматы қ. Тамыз, 2025 ж.). Т.Мұхаметжановтың орындаушылығы мен шығармасын зерттеуде бұл материал аса құнды дерек көзі болып табылады.

М.Тілеухановпен жеке сұхбат. Астана, 11 наурыз 2026 ж.).

Тоқа Шоңманұлы «Төрт толғау» (Естірту, Арнау, Зарлау, Жоқтау) циклдік күйінде қазақтың ғұрыптық дәстүрлі музыкасы ерекше орын алады. Ол туралы шетел ғалымдары Бали және Индонезиядағы діни ғұрыптық музыка саласын зерттейтін ғалымның еңбегінде музыка «құрал» әрі «ритуал» ретінде атқаратын функция деп қараған. Яғни, адамның рухани күйін жетілдіріп, сакралдық тәжірибені терең қолдану мақсатында әртүрлі мәдениетте ортақ тіл ретінде қызмет ететінін дәлелдейді (Brita Renee Heimarck 43-59). Мұхаметжан күйшінің орындауындағы Тоқаның «Төрт Толғау» тармақты (цикл) жоқтау күйлері жайлы зерттеуші, күйші Тмат Мерғалиев алғашқылардың бірі болып жариялады (Қазақтың музыкалық фольклоры 66-72). Аталған күй, сонымен қатар, күйші Біләл Ысқақовтың еңбегінде де жарық көрді. Алғаш рет 1972 жылы Жамбыл Жабаевтың 125 жылдық тойы қарсаңында, Қазақ ССР Ғылым академиясының залында өткен ақындар айтысында Тоқаның «Төрт толғау» күйін тарихын айта отырып алғаш орындағаны, сонымен қатар, Тәттімбет күйлерін шебер орындап назарға іліккені жайында айтылады (Алина, Асель. М.Тілеухановпен жеке сұхбат. Қарағанды, 22 шілде 2023.). Филология ғылымдарының докторы, фольклортанушы Рахманқұл Бердібаев (1927-2012) алғаш рет 1973-1995 жылдар арасында М. Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер институтына фольклор бөлімінің меңгерушісі болып қызмет етіп жүргенде Мұхаметжан күйшіні Алматыға алдырып, жеке күй кешін ұйымдастырып, Тоқа күйлері грампластинкаға⁸ тұңғыш рет жазылады (Камалқызы, 195). Шығармашылық жолында тарихи тұлғалармен кездескені жайында Жаңаарқа жерінен шыққан күйшілердің өмірі мен шығармашылығы туралы жазған Жақсылық Мағзымұлы:

«1964 жылы Иманақ⁹ баурайында Сәкен Сейфуллиннің 70 жылдық мерейтойында қазақтың халық жазушысы, академик Сәбит Мұқановтың¹⁰ алдында күй тартқаны, және 1971 жылдың шілде айында Жаңаарқа жеріне концерттік сапармен келген әнші Жүсіпбек Елебековпен кездескені¹¹ туралы деректер береді (Мағзымұлы 136). Сондай-ақ, күйшінің өнері өмірінің әр кезеңінде жоғары бағаланып отырды¹². Берілген марапаттары¹³ жайында¹⁴ ақпараттармен толықтырылды. Білім алып жатқан жастарға ерекше орындаушылығымен үлгі тұтып, тәлімін жалғастырушы¹⁵ ретінде «Құрметті профессоры»¹⁶ атанды (күйшінің жеке архивынан алынған мәлімет). Тұжырымдай келе, Мұхаметжан Тілеуханов Тоқа күйшілік мектебін жалғастырушы тұлға ретінде, оны күйшілік өнерге баулыған ұстаздары туралы алғаш рет ақпараттар беріліп, жүйеленді.

Орындаушылық ерекшеліктері.
Жаңаарқа күйшілерінің ішінде есімі ерекше аталатын Мұхаметжан

Тілеуханов бүгінгі күнде Тоқа күйлерінің негізгі орындаушысы, мектеп жалғастырушысы ретінде танылып отыр. Оның орындаушылық мәнері өзіндік екіпі мен дыбыстық бояуымен және жаңаша сарынымен ерекшеленеді. Шертпе күй өнерінің белгілі өкілі Жанғали Жүзбаев өз пікірінде Жаңаарқа күй дәстүрінің орындаушылық ерекшеліктеріне ерекше назар аударады. Оның айтуынша, Жаңаарқа күйлері шертпе мәнеріне жатқызылғанымен, олардың орындалуында желдірме екіпін басым келеді. Мысалы, Тоқаның «Бозайғыр» күйі осы ерекшеліктің айқын үлгісі болып табылады. Зерттеуші-күйші нақты стильдік айырмашылықтар ескерілмеген жағдайда күйлердің біркелкі, бірізді мәнерде орындалу қаупі бар екенін де атап өтеді. Осыған байланысты ол шәкірттеріне әр өңірдің күй тарту дәстүрін, орындаушылық мәнерін ажырата отырып меңгеруге ерекше мән береді. Сонымен қатар, бұл күйшілік дәстүрдің өзіндік орындаушылық қырларын Мұхаметжан Тілеуханов сынды күйшілердің орындау өнері арқылы айқын

⁹Иманақ – Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, Жаңаарқа кентінің солтүстік-шығысында 2г км жердегі оқшауланған тау массиві. (https://kk.wikipedia.org/wiki/Жақсы_Иманақ).

¹⁰Академик Сәбит Мұқановтың алдында күй тартып, батасын алған деп ақпарат береді (Мұхаметжан Тілеуханов // Жақсылық Мағзымұлы. Алматы: - Үш қиян. 2005, 135 б.).

¹¹Әнші Жүсіпбек Елебековпен кездесіп, Мұхаметжан күйшінің өнерін жоғары бағалап, бата бергені туралы жазылған.

¹²1975 жылы 29 жасында «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» атағын алып, сол жылы алғаш күй табағы жарық көрді.

¹³2000 жылы өткен ақындар айтысына қатысып, Республикалық байқауда топ жарып, сегіз домбырашының ішінен Тоқаның «Бозайғыр», Тәттімбеттің «Бес төре», Әшімтайдың «Қоңыр қаз» күйлерін орындап, байқауда бас жүлдені иеленіп, жеңіл көлік ұтып алғаны жөнінде ақпарат берілген. Оның орындауында Орталық Қазақстанның бірнеше шертпе күйлері күй табаққа жазылды. (Уәли Бекенов. Тоқа Шоңманұлы 35-37 б.; Күй керуені. Алматы: Өнер. – 2002. – 37 б.).

¹⁴2006 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. 2016 жылы «Құрмет» орденінің иегері атанды (Орталық Қазақстан. Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті. Бейсенбі, 28 шілде, 2016 жыл. №118-119 (22 224).

¹⁵2011 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Ғылыми Кеңесінің шешімімен Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваторияның «Құрметті профессоры» атанады.

¹⁶2021 жылы Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық университеті РММ Ғылыми Кеңесінің шешімімен Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Құрметті профессоры» атанды (Алина, Асель 22 шілде 2023 жыл, жеке сұхбат).

байқауға болатынын көрсетеді (Алина, Асель. Күйші Жанғали Жүзбаймен жеке сұхбат. 25 желтоқсан 2023 ж.).

Мұхаметжан Тілеуханов *шертпе* және *аралас шертпе* стиліндегі күйлерді орындаушы ретінде басқа күйшілермен салыстырғанда айқын жеке қолтаңбаға ие. Мысалы, Тәттімбет Қазанғапұлы күй мектебінің өкілі Әбікен Хасенов орындаған «Бес төре» күйі әдетте әуезді, лирикалық және философиялық сипатта баяу, терең толғаныспен орындалады. Ал, Мұхаметжан Тілеухановтың орындауындағы бұл күйдің әуені өрісі біршама өзгеше сипатталып, қағыс тәсілдері арагидік қос дауысқа ұласып отырады (жеке сұхбат, 2023 тамыз). Сол сияқты, Тәттімбеттің «Азамат Қожа» күйін орындағанда Мұхаметжан Тілеухановтың нұсқасында ырғақтық және интервалдық өзгешеліктер байқалады. Күйші шығарманы біршама ширақ, желдірме сипатта орындап, оның динамикалық өрісін кеңейтеді. Демек, Тәттімбет күйлерінің негізгі жеткізуші күйші Әбікен Хасенов пен Мұхаметжан Тілеухановтың орындаушылық мәнері арасында елеулі айырмашылық бар екені байқалады.

Мағауия Хамзиннен (1927-2000) үйренген Әшімтайдың «Қоңырқаз» күйін орындауда Тілеухановтың өзіндік интерпретациясы айқын көрінеді. Бұл күйді орындау барысында әртүрлі нұсқалардың бар екендігі байқалады. Мысалы, Мағауия Хамзин (Балқаш қаласында бір сахнада өнер көрсеткен сәтте) күйді теріс бұрауда орындаса, М.Тілеуханов оң бұрауда орындап өзгеше нұсқасын ұсынған. Неліктен оң бұрауда орындалды деген сұраққа күйші: «Бұл күй негізінен оң бұрауда шығарылған. Мағауиядай виртуоз, шебер күйшінің қолында бұл күй дамып, барынша жетілген» — деп қысқа қайырды (Алина, Асель. М.Тілеухановпен жеке сұхбат. Қарағанды, 22 шілде 2023.). Мұхаметжан күйшінің орындауында бұл күйдегі қос дауысты (интервалдар) элементтер

қағысына да әсер етеді. Орындау барысында оң қолды көлденеңінен салып ойнату әдісі, күрделі қағыс комбинациялары қолданылады. Күйдің әуенінде қос дауысты интервалдар мен гармониялық өзгерістері айқын естіледі. Осы ерекшеліктердің нәтижесінде «Қоңыр қаз» күйі оның орындауында виртуозды сипаттағы заманауи үлгісі ретінде қалыптасқан.

Мұхаметжан күйшінің репертуарында Дайрабайдың «Дайрабай» күйі ерекше орын алады. Бұл күйдің бірнеше нұсқасы белгілі, олардың бірі қазақ халық аспаптар оркестрінің репертуарында орныққан. Күйші, сонымен қатар, орындау барысында «Тұршы жаным», «Әттеген-ай» күйлерінің шығу тарихын баяндап, шығармаларды тарихи-танымдық түсіндірмелермен қатар орындайды. «Дайрабай» күйін орындау кезінде оның орындаушылық мәнерінде бірқатар ерекшеліктер айқындалады. Күйдің әуендік құрылымы мен ырғақтық өрнегі өзгеше сипатта беріліп, қағыс амалдары өзгеше түрленіп отырады, әсіресе қолданылған *ферматалар* орындаушылық қол таңбасының бір айғағы. Күйші шығарманы жүрдек екпінде, төкпе қағыстар арқылы орындай отырып, динамикалық қуатын арттырады. Оң қолда қағыс түрлерін алмастырып қолдану, *шертпе* және *аралас шертпе* элементтерін ұштастыру болса, сол қолында аппликатуралық ерекшеліктері байқалады: позицияларды жылдам ауыстыру, интервалдарды кең қолдану, және дыбысты барынша анық шығару тәсілдері орын алады. Осы техника амалдардың үйлесімі оның орындаушылық стилін даралап көрсетеді. Алтай өңірінің *шертпе* күй дәстүріндегі орындаушылық ерекшеліктерін сипаттайтын шетелдік зерттеушілердің еңбектері мақаланың теориялық негізін құрайды (Zhang 49-58).

Мұхаметжан күйшінің орындаушылық ерекшеліктері бойынша тұжырымдама:

- *Шертпе* дәстүрін сақтай отырып, оны *аралас шертпе* дәстүрімен толықтырды;
- Теріс бұрауда орындалатын Әшімтайдың «Қоңырқаз» күйін оң бұрауда орындады;
- Қос дауысты фактурамен интервалдық ерекшеліктерін белсенді қолданды;
- Оң және сол қол техникасында күрделілі, көп қырлы қағыс амалдарын қолданды;
- Сол қолдағы 3-4 саусақтарды жиі қолдану арқылы аппликатуралық сипатын анықтады;
- Орындаушылығында ырғақтық еркіндік пен динамикалық серпіні орындаушылық стилінің негізін қалады;
- Дәстүрлі *шертпе* күйлерді заманауи виртуоздық интерпретацияда ұсынды.

2. Мұхаметжан Тілеухановтың шығармашылығына сипаттама. «Арман-ай», «Аңсағаным» күйлеріне музыкалық-стильдік талдау.

Мұхаметжан Ғайниддинұлы Тілеухановтың *шертпе* және *аралас шертпе* стилінде шыққан (аралас стиль) төл туындылары «Арман-ай», «Тағдыр-ай»¹⁷, «Аңсағаным», «Қосбасар», «Тауман», «Сәкен толғау»¹⁸ атты күйлері антология, ғылыми жұмыстарда, күй жинақтарында жарық көрген. Күйшілігімен бірге әншілік өнерімен танымал болған оның «Анама», «Жұмабай Тәшеновке»¹⁹, «Ғазымға»²⁰ атты арнау әндері ел ішінде орындалып келеді.

Күйшінің шығармашылығын зерттеу мақсатында жиі орындалатын «Арман-ай», «Аңсағаным» күйлеріне музыкалық-стильдік талдау жасалды.

«Арман» немесе «Арман-ай» тақырыбы қазақтың аспаптық және ән өнерінде кеңінен таралған. Көбіне мұндай күйлер махаббат тақырыбына негізделеді. Күй 1972 жылы күйшінің тағдырымен байланысты шыққан. Мұхаметжан күйлерін алғаш жинап, жариялаған күйші, зерттеуші Мұрат Әбуғазының

еңбегінде «Арман-ай» күйінің шығу тарихы қысқаша сипатталады: «Күйде адам ойының тәтті арманын білдіретін сазды күйдің бірі. Бұл күй күйшінің тырнақ алды туындысы» (67). «Арман-ай» күйін қазақ радиосының алтын қорынан алып, нотаға түсірген шертпе күй шебері, профессор Біләл Ысқақов (384-386). «Аңсаған» күйі қызы Аңсаған Мұхаметжанқызының (1995) дүниеге келуімен тікелей байланысты шыққан туынды. Көптен күткен қуаныш сезімін жеткізетін бұл күй жүрдек екпінді, лирикалық күйлер қатарына жатады. Күйді нотаға түсірген күйші Жанғали Жүзбай (Антология 244-247).

Композициялық құрылымы

«Арман-ай» және «Аңсаған» күйлері *шертпе* стиліне тән нұсқалы-шумақтық формада шыққан.

«Арман-ай» күйінің композициялық құрылымы:

Кіріспе-А-В-С-D-B1-C1-B2

Күй шағын кіріспеден (5 т.) төрттік ноталардың бірқалыпты қозғалысымен басталады. Шертпе күйлерде кездесетін мұндай қайталау иірімдер тыңдаушыны негізгі-интонациялық кешенге бағыттап, шығарманың басталуына дайындық қызметін атқарады.

А (10 т.) бөлімінде *негізгі-интонациялық ырғақтық кешеніндегі* (НИЫК) сегіздік ноталардың лига арқылы жалғанып, триольді ырғақта топтастырылып, ән сарынына ұқсастығы

¹⁷Өмірде адамның басына түсетін ауыр жағдайларды суреттейтін күйлер қатарына жатады (жеке сұхбат).

¹⁸«Сәкен толғау» күйін автор 2023 жылы шілде айында Жаңаарқа ауданына экспедициялық сапарда жазып алды. 2025 жылы бітіруші түлек Б. Ахметова (ғылыми жетекшісі доцент Е. Жаменкеев) дипломдық жобасында алғаш рет жариялады.

¹⁹Жұмабай Тәшеновтың 70 жылдығына арналған туынды (жеке сұхбат).

²⁰Жарылғап Ғазым - мәдениет саласында еңбек еткен жақын досына арнау күйі (22 шілде 2023 жыл, жеке сұхбат).

Тәттімбеттің «Сылқылдақ» күйінің ырғағын еске салады. Күйдің g дыбыстағы модалдық тірегі көбіне Қаратау шертпе күйлерінде кездесуі, Арқа күйлерінен даралайды. Күйдегі жеке және қос дауыстардың қатар жүруі шертпе стиліне тән. Шертпе күйлердің жеке дауыста орындалу сипаты камералық музыка үлгілерімен ұқсас келеді. Әсіресе бұл ерекшелік жетілдірілген қобыз аспаптарына арналған шығармалармен салыстырғанда анық байқалады (Zhumkenova 110-115; Sajana, 207-216).

$B, B1, B2$ (11-13 т.т.) *Негізгі-интонациялық ырғақтық кешені* (НИЫК) жеке дыбыстан қос дауыстарға ұласып, $d-g1$ модалдық тірек дыбысынан басталады. Дыбыс аралық қамту аясы барынша кең, $e1$ дыбысына дейін өрбиді. Бөлімдердегі такт саны өзгергенімен, қайталану әуендері сақталады. Жалпы шертпе күйлерде бөлімдердің өзгеріссіз қайталануы жиі кездеседі. Дегенмен, бір-біріне мүлде ұқсамайтын бөлімдері де болады.

$C, C1$ (14-15 т.т.) «Арман-ай» күйінде бөлімдерде такт саны бойынша өзгерістер болғанымен, әуендік иірімдері жағынан айырмашылықтар байқалмайды. Әр бөлімде дыбыс диапазоны өзіндік биігіне шарықтап отырады. Бұл бөлімдегі дыбыс биіктігі $g1$ дыбысына дейінгі аралықты қамтиды. Лига арқылы жалғанған $g-g1$ дыбыстары октавалық «секірулер» мен қос дауысты *секвенциялар аралас шертпе* стилін қалыптастырып, қазіргі заман күйшісі Секен Тұрысбековтың «Көңіл толқыны»²¹ күйімен сарындас болып келеді.

$D, D1$ (19-20 т.т.) бұл күйдегі кульминациялы көлемді бөлім деуге болады. Себебі, НИЫК шарықтау кезеңіне өтіп, дыбыстық даму шегі $a1$ дейін октавадан кең аралықты қамтиды. Әсіресе, үстіңгі D ішектегінде алынатын $bes, c1$ және $d1$ дыбыстары астыңғы G ашық ішектегімен байланысып заманауи үлгідегі сарынға сай келеді. Дәл осындай интервалдар Қаратау мектебінің қазіргі

заман шертпе күйлерінде кездеседі.

Бұл буындағы әуен қайталана келіп, *фермата* арқылы төрттік дыбыстарға уақытша тұрақтауы күйшінің шертпе стиліне жақындығын аңғартады. Тоқаның «*Бозайғыр*» күйінде дәл осындай элементтер кездеседі. Бұл күйдің Тоқа дәстүрін ұстанғанын білдіреді.

«Аңсаған» күйінің композициялық құрылымы:

$A-B-C- A1-B1-C1-B2-K$

$A, A1$ (32 т.) бөлімдерінде (НИЫК)

такт саны жағынан тепе-теңдігін сақтайды. Бастапқы бөлімі болғандықтан дыбыс кеңістігі $e1$ дыбысы шағын аралықты қамтиды. Күйдің басынан аяғына дейін сегіздік ноталар біркелкі ырғағын сақтай отырып, жеке дауыста *шертпе* дәстүрін сақтайды. Бір дыбыста ұзақ тұрақтап қайталануы Тоқа шығармашылығындағы «Төрт толғау» (Жоқтау) күйіне ұқсас сарында жүреді. Тоқа шығармашылығында жиі кездесетін мұндай сарындар қобыз күйлерінде орын алады. Әуеннің жеке дауыста жүруі басымдылыққа ие.

$B, B1$ бөлімдерінде (22 т.) НИЫК сол қалпында өзгеріссіз қайталанады. $B2$ бөліміндегі бастапқы әуен қос дауыста ($c-g1$) ашық ішектен басталатын $g-g1$ дыбыстарының октавалық «секірулері» күйдегі әуен иірімі диапазоны жағынан $g1$ октавадан кең көлемде шарықтап, дыбыс аясын кеңітеді. Октавалық секіртпе дыбыстар заманауи үлгіде шыққан туынды екенін дәлелдейді.

$C, C1$ бөлімдерінде (25-28 т.т.) такт саны бойынша айырмашылық болғанымен, әуені жағынан өзгеріс жоқ. НИЫК сегіздік ноталардың біркелкі қозғалысын сақтап, жеке дауыста орындалады. Соңғы бөлімде автор үздіксіз келе жатқан ойды қорытындылау үшін төрттік нота мен паузаны

²¹<https://www.youtube.com/watch?v=DbDtbTF10vU> С.Тұрысбековтың «Көңіл толқыны» күйі 1985 жылы шыққан.

қолданады. Әуен *h1* дыбыс ауқымы кульминациялық белгі береді. Күйші әр бөлім сайын жаңа диапазонды бағындыра отырып, өзіндік қолтаңбасын көрсетеді.

Қазіргі заман орындаушыларына тән күйде кездесетін *кода* бөліміндегі НИЫК қос дауыста жүретін диатоникалық *секвенциялар* арқылы күй аяқталады. Әр бөлім өзара такт саны бойынша ұқсас болғанымен, НИЫК өзгеріп отырады. «Аңсаған» күйіндегі С, С1 бөлімдеріндегі дыбыстар кең диапазонда орындалып, кульминациялық белгілер береді. Күйдің жеке және қос дауыста өрбуі *шертпе* және аралас шертпе стилінің тоғысуын көрсетеді. Тоқа күйшілік дәстүрін жалғастырған күйші ретінде қолтаңбасын айқындайды.

Күйлердегі ырғақ пен өлшем

«Арман-ай» күйінде кездесетін 2/4 өлшем түрі шығарманың басынан аяғына дейін өзгеріссіз қалады. Күйде кездесетін *триольды, жинақтау және біркелкі* ырғақтар қолданылған (Кесте 1. қарау). *Триольды* үш және екі *сегіздік* дыбыстар күйдің басынан аяғына дейін астинатты түрде қайталанып отырады. Күйдегі *лига, форшлаг, фермата* тәрізді көркемдеу тәсілдері «Қосбасар» күйлерінде жиі кездеседі. Күйде кездесетін өлшем және ырғақ түрлерінің өзгеріске көп

ұшырамай, біркелкі қалыпта жүруі, адам тағдырының музыка арқылы суреттеу барысында ой-санасын тиянақтап жеткізу мақсатын меңзейді. Сонымен қатар, Тоқа шығармашылығын бойына сіңіріп өскен күйшінің, өз туындыларында біркелкі ырғақ түрлерін қолдану заңдылығы ескеріледі (Кесте 2. Қарау).

«Аңсаған» күйіндегі 2/4 өлшем және *біркелкі* ырғақ түрі (Кесте 1. қарау), сегіздік ноталардың бірқалыпты қозғалысы Қаратау күйшілік мектебінің қобыз күйлеріне тән бірсарындылықты сақтайды. Демек, Тоқа күйлеріне жақын екені байқалады. Тоқаның «*Төрт толғау*» (Естірту) күйімен ұқсас сарында жүруі дәстүр сабақтастығының айғағы. Бұл оның Тоқа мектебін дәріптеуші, насихаттап, орындаушы екенін дәлелдейді.

Тұжырымдай келе, «Арман-ай» және «Аңсаған» туындыларында өлшем түрлерінің (2/4) күйдің басынан аяғына дейін сақталып, өзгеріске ұшырамауы Тоқа күйлерінде жиі кездеседі. «Арман-ай» күйіндегі *триольды, жинақтау, біркелкі* ырғақтық *остинато* қайталануы шертпе күйлеріне тән құбылыс. Әуенді жалғап, ұзақтығын сақтау үшін қолданылған *лига, форшлаг, фермата* белгілері замауи үлгіде шыққан

Кесте 1. Мұхаметжан Тілеухановтың «Арман-ай» және «Аңсаған» күйлеріндегі ырғақ және өлшем түрлері

№	Күйлердің аталуы	Ырғақ түрлері	Ырғақ атаулары	Өлшем түрлері	Өлшемдер ішіндегі ырғақ түрлері
1	«Арман-ай»	♩; ♪♪; ♩; ♩; ♩;	<i>Триольды</i> ырғақ; <i>жинақтау</i> ырғағы; <i>біркелкі</i> ырғағы;	2/4	2/4 - ♩; ♪♪♪; ♩; ♩; ♩; ♩; ♩;
2	«Аңсаған»	♪♪;	Біркелкі ырғағы;	2/4	2/4 - ♪♪;

Кесте 2. М. Тілеухановтың «Арман-ай» және «Аңсаған» күйлеріндегі негізгі модальдік тіректер

№	Күйлердің аталуы	Орындау стилі	Негізгі модальдік тірек
1	«Арман-ай»	<i>Шертпе</i> (аралас <i>шертпе</i>)	<i>g-d, d-d¹</i>
2	«Аңсаған»	<i>шертпе</i>	<i>g-d¹</i>

туынды екенін дәлелдейді. «Аңсаған» күйінде *біркелкі* ырғақ түрі қылқобыз күйлерінде кездесетін сарынмен ұқсастық табады. Демек, Қаратау күйшілік мектебіне тән бір дыбыста ұзақ тұрақтау әдісі және декламация (сөйлету) стилін қолдануы Сүгірдің «Қосбасар» күйімен ұқсастық табады. Тілеухановтың күйіндегі заманауи қос дауыста *секвенция*, Қаратау мектебінің өкілі Әбдімомын Желдібаевтың (1937-2024) «Ерке сылқым» күйінде кездеседі. Демек, Тоқа дәстүрімен ұқсастық табады.

Аталған туындыларының қолтаңбалық ерекшеліктері М.Тілеуханов күйшінің Тоқа күй мектебін ұстанып, дәстүрін жалғастырушы екенін дәлелдейді.


Ладтық - интонациялық ерекшеліктері

Күйлердің ладтық-интонациялық ерекшеліктері екі бағытта қарастырылды: 1) тігінен (вертикальді) және 2) көлденеңінен (горизонтальді). Тік бағытта күйдің басында немесе ортасы мен аяғында кездесетін модальдік тірек дыбыстар анықталса, көлденең бағытта жоғары және төмен дыбыстар аралығында құрылатын ладтық бояуын беретін дыбыс қатары қарастырылады (Утегалиева 232)

«Арман-ай» күйіндегі модальдік тірек *g-d1* және *d-d1* дыбыстарында негізделсе, «Аңсаған» күйінде ол *g-d1* дыбыстарында орныққан. Екі күй де (*g-d*) оң бұрауда орындалады (Кесте 2. Қарау). Күйлердің интонациялық құрылымы заманауи сипатқа ие:

«Арман-ай» күйінің *кіріспе* бөліміндегі *d-d1* дыбыстары төрттік ноталар арқылы біркелкі қозғалыста басталады. *A* бөліміндегі *g-es1* аралығы минорлы *гексахорд* дыбыс қатарына ұқсас келеді. Негізгі модальдік тірек *d-g* дыбыстар аралығындағы кезекті түрде ауысып отырады (Мысал 1. қарау).

B, B1, B2 бөлімдерінде а) модальдік тірек дыбыстары – *d-g*. Бөлімдер өзгеріссіз қайталанғандықтан біріктіріп қарастырылды. б) Күйдің әуен диапазоны



Мысал 1.

М.Тілеуханов "Арман-ай"

B, B1, B2



Мысал 2.

кең октава дыбыстары интервалы аралығында *эолийлік* дыбыс қатарымен ұқсас келеді (Мысал 2. қарау).

C, C1 бөлімдеріндегі модальдік тіректер а) *d-g* тірек дыбысына негізделсе, б) *es1-g* аралығында дыбыс қатары жоғарыдан төменге бағытында *эолийлік* ладтарға жақын, кең октавада құрылған (Мысал 3. қарау).

D, D1 бөлімдеріндегі модальдік тіректер а) *d-g* тірек дыбысына негізделсе, б) *g2-g1* аралығында дыбыс қатары жоғарыдан төменге бағытында *эолийлік* ладтарға ұқсас, кең октавада құрылған (Мысал 4. қарау).

«Аңсаған» күйінің *A және A1* бөлімдерінде а) *d-g* модальдік тірек дыбыстарына тұрақтайды. б) Бұл бөлімдегі *g-g1* дыбыстар аралығы октавадан кең диапазонды қамтып, *эолийлік* дыбыс қатарына жақын. Әуен жеке дауыстан басталып, кейін қос

М.Тілеуханов "Арман-ай"

C, C1



Мысал 3.

М.Тілеуханов "Арман-ай"

D, D1



Мысал 4.

М.Тілеуханов "Аңсаған"
A, A1



Мысал 5.

М.Тілеуханов "Аңсаған"
B, B1, B2



Мысал 6.

дауысқа ұласып, кей сәттерде екі дауысты орындау түрінде байқалады (Мысал 5. қарау).

B, B1 және B2 бөлімдерінде а) *d - g* модальдік тірек сақталады. *c1 - g1* уақытша модальдік тірек дыбыстары кездеседі. б) Бұл жерде *g - g1* аралығында дыбыстарда *эолийлік* ладтардың жүйесімен ұқсастық табады (Мысал 6. қарау).

C және C1 бөлімдерінде а) модальдік тірек *g - d1* дыбыстарында орныққан. б) Бұл буындағы *c2 - g* октавадан кең аралықта жүретін *эолийлік* ладтарға жақын дыбыс қатарын құрайды. Дыбыс ауқымы *b'* дыбысы октавадан кең шарықтап, кульминация бөлімін қалыптастырады (Мысал 7. қарау).

Қорытындылау бөліміндегі (Coda) модальдік тірек дыбыстары әдеттегідей *d - g* дыбыстарында негізделген. б) *g - f1 кіші септима* (м.7) аралығындағы

М.Тілеуханов "Аңсаған"
C, C1



Мысал 7.

М.Тілеуханов "Аңсаған"
Coda



Мысал 8.

шегінде дыбыс қатары қалыптасады, толық емес минорлы *эолийлік* ладқа ұқсас әуен тізбегін құрайды. Күйде кездесетін *fis1* дыбысы күйдің заманауи үлгісін көрсетеді (Мысал 8. қарау).

Нәтижелер

Зерттеудің нәтижесінде Мұхаметжан Тілеухановтың Тоқа күйшілік мектебін жалғастырушылық тұлғасы танылып, орындаушылық өнері сипатталды:

- Мұхаметжан күйшінің орындаушы ретінде қалыптасуына тікелей әсер еткен ұстаздары Тоқпан, Кәдіркей, Сарбас, Қойбағар, Төлеутай, Мұқаш есімді күйшілердің есімдері аталып, кесте түрінде берілді. Әр күйшіден нақты қандай күйлер үйренгені туралы ақпарат берілді.

- Тәттімбеттің «Бестөре», «Азамат Қожа», Әшімтайдың «Қоңырқаз», Дайрабайдың күйі «Дайрабай» күйлерін орындау ерекшеліктері сипатталды.

- Күйлерді орындаудағы негізгі ерекшелігі – қос дауыстарды алу барысында көбіне төкпе қағыстарын қолданады.

«Арман-ай» және «Аңсаған» күйлеріне *музыкалық-стильдік* талдау барысында күйлер *шертпе* және *аралас шертпе* стилімен Тоқа мектебін насихаттаушы тұлға ретінде танылды. Күйлер *шертпе* дәстүріне тән нұсқалы-шумақтық формада шығарылған.

- Күйлерде қолданылған біркелкі ырғақ пен бір ғана өлшем түрі Тоқа күй мектебімен ұқсастық тауып, мектеп жалғастығы барын айқындайды;

- Екі күй ладтық-интонациялық тұрғыда минорлы *гексахорд* және *гептатоника* дыбыс қатарын құрап, октавадан кең диапазонды дыбыстар *эолийлік* ладтармен ұқсастық табады;

- Мұхаметжан Тілеухановтың *шертпе* және *аралас шертпе* стиліндегі күйлерді орындау барысында шығарманың әуен иірімі мен екпінін, ырғақтық түрлендіру амалдарын және басқа күйшілермен

салыстырғанда Тілеухановтың орындаушылық стилі нақты мысалдармен дәлелденді.

- Күйлер *нұсқалы-шумақтық* формада құрылған. М. Тілеухановтың қолтаңбасын айқындайтын негізгі ерекшелігі оның күйлеріндегі бір дыбыста ұзақ тұрақтап, жеке және қос дауыстарды қатар қолдану болса, күйлердің минорлық тональдікте жүруі – қобыз күйлеріне жақындығы Қаратау күй мектебінде жиі кездесетін «Қосбасар» күйлерімен үндестік табады.

- Дәстүрлі күйші бола тұра, Тілеухановтың күйлері интонациялық тұрғыда заманауи сипатқа ие. *Гексахордпен* қатар, барлық регистрлерде *золийлік* ладқа жақын дыбыс қатары басым келеді. Сонымен қатар, *fis* дыбысы VII# тәрізді бірінші (I) сатыға тартылып отырады. Мұндай ерекшеліктерде еуропалық классикалық музыканың ықпалы айқын байқалады.

Қазақтың музыкасының даму кезеңдерінің куәсі болған Мұхаметжан күйшінің шығармашылығы қазіргі заман талабына сай жаңғырту үрдісінің бір көрінісі ретінде танылды.

Негізгі тұжырымдар

– Мұхаметжан Тілеуханов – Тоқа Шоңманұлының күйлерін жеткізуші, орындаушысы. Тәттімбет, Тоқа, Дайрабай, Қыздарбек, Әшімтай т.б. күйлерін тек орындаушы ғана емес, сонымен қатар заман талабына сай дамытып, өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған күйші ретінде танылды.

– «Арман-ай», «Тағдыр-ай», «Нұр Қосбасар», «Аңсаған», «Тауман», «Сәкен толғау» күйлері мен «Анама», «Жұмабай Тәшеновке», «Ғазымға» атты арнау әндері ел ішінде кеңінен таралып, орындалып жүр. Соның ішінде «Арман-ай» және «Аңсаған» күйлеріне *музыкалық-стильдік* талдау жасалды.

Қорытынды

Зерттеу жұмысында Жаңаарқа өңірі *шертпе* күй дәстүрінің көрнекті өкілі Мұхаметжан Тілеухановтың шығармашылығы мен орындаушылығы туралы ақпараттар жүйеленіп, оның төл туындыларын зерттеу нәтижесінде төмендегідей қорытынды жасауға болады:

1. М. Тілеухановтың авторлық туындылар санының аз болуы (барлығы 6 күй, 3 ән) оның композиторлық шығармашылығын толық әрі жан-жақты типологиялық тұрғыда саралауға жеткілікті мүмкіндік бермейді, сондықтан бұл туындылар жалпы композиторлық стилі туралы толыққанды түсінік қалыптастыруға шектеу қояды.

2. Мұхаметжан күйшіні өнерге баулыған ұстаздары туралы мәліметтер алғаш рет жинақталып, ғылыми айналымға енгізілді.

3. Тілеухановтың орындаушылық өнері жайында ғылыми зерттеу жұмысы тұңғыш рет ұсынылды.

4. Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданына фольклорлық-экспедициялық сапары (шілде 2023 жыл, тамыз 2024 жыл) барысындағы жазбаша әдебиеттер мен ауызша (сұхбаттар) деректер жүйеленді.

5. Алғаш рет шығармашылығына («Арман-ай», «Аңсаған») музыкалық-стильдік талдау жасалды. Болашақта басқа да туындыларына зерттеу жұмыстарын жүргізу алдағы мақсаттардың бірі болады.

Мұхаметжан Тілеухановтың қазақтың *шертпе* күй өнеріндегі Арқа күйшілік дәстүрінде Тоқа шығармашылығын насихаттаушы, жалғастырушы екендігімен қатар, өзіндік қолтаңбасы бар күйші екендігі анықталды. Дегенмен, Арқа күйшілері шығармашылығы бүгінгі күнде әлі де толыққанды ғылыми тұрғыда зерттелмеді. Бұл жұмыс алдағы уақытта қазақ күйшілерінің шығармашылығын

зерттеуде, сонымен қатар, музыкатану, теория және орындаушылық тәжірибе

туралы зерттеу жұмыстарында қажеттігі басым.

Авторлардың үлесі:

Алина Әсел – күйші М.Тілеуханов туралы мәліметтер мен экспедициялық материалдарды жинақтау және күйлеріне музыкалық-стильдік талдау жүргізу, негізгі мәтінді жазу, мақаланы рәсімдеу, қорытындыларды тұжырымдау.

Өтеғалиева Сәуле – мақала жоспарын бекіту, аңдатпа жазу, мағлұматтарды жүйелеу, негізгі мәтінді өңдеп, редакциялау,

Вклад авторов:

Алина Асель – сбор экспедиционных материалов, сведений об исполнителях, кюishi М. Тилеуханове и музыкально-стилистический анализ кюев, написание основного текста, оформление списка источников.

Утеғалиева Сауле – корректировка плана статьи, систематизация материала, написание аннотации, редактурa текста.

Author's contribution

Alina Assel – collection of expedition materials, information about the performers, kuishi by M.Tileukhanov and musical and stylistic analysis of kuis, writing the main text, and preparing the list of sources.

Utegalieva Saule – correction of the article plan, systematization of material, writing of annotations, editing of the text.

Дереккөздер тізімі

Антология. II том. «Мұхаметжан Тілеухан». Ұлы даланың көне сарындары (Аспаптық көне сарындар дәстүрлі күй өнері). Жауапты редактор Қазтуғанова Айнұр. Алматы: «Brend book», 2020. 1184 бет.

Алина, Асель. Мұхаметжан Тілеухановпен сұхбат. Қарағанды, 22 шілде, 2023.

Алина, Асель. Мұхаметжан Тілеухановпен сұхбат. Алматы, 30 тамыз 2023.

Алина, Асель. М.Тілеухановпен жеке сұхбат. Астана, 11 наурыз 2026.

Алина, Асель. Күйші Жанғали Жүзбаймен жеке сұхбат. Астана, 25 желтоқсан 2023.

Әбуғазы, Мұрат. *Мұхаметжан Тілеухан. Арман-ай*. Алматы: «Темірқазық», 2008.

Бекенов, Уәли. «Тоқа Шоңманұлы». *Шертпе күй шеберлері*. Алматы, Жалын. 1977. 19-22 б.

Әдет-ғұрып әндері мен күйлер. *Қазақтың музыкалық фольклоры*. Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1982, 66-72 б.

Белогурова, Лариса. «Г.М. Науменко. Фольклорный источниковедческий аспект». *Вестник Санкт-Петербургского университета. Искусствоведения* 15, no, 2, 2025, 135-153. DOI: 10.21638/spbu15.2025.202.

Brita Renee Heimarck. Musical Ritual and Ritual Music: Music as a Spiritual Tool and Religious Ritual Accompanement. July 2022. *Musicological Annual* 58 (1):43-59. UDK 783:783:23 (594.61). DOI: 10.4312/mz. 58.1. 43-59.

Жәнібеков, Ертай. Өмірі күймен өрілген. *Орталық Қазақстан* (Қарағанды). 28 шілде, 2016, 8 б.

Жұбанов, Ахмет. «Тәттімбет». *Ән-күй сапары*. Алматы, Ғылым. 1976. 77-81 б.

Жұмаділдин, Асан. Домбырашы, қобызшы, күйшілер. *Жаңаарқа. Дерекнама*. Алматы, «Кенже-Пресс-Медиа». 2003. 335-348 б.б.

Камалқызы, Жанымгүл, және Бердібай, Айжан. *Аманаттай сақталған асыл мұра*. Мұхтар Әуезов мемориалдық-музей үйінде орналасқан қоғамдық негіздегі Алматы қалалық қазақ әдебиеті мен өнері халық университетінде өткізілген сабақтар туралы жазбалар. Алматы, 2017. 191-198 б.б.

Мағымұлы, Жақсылық. «Қойбағар Жылқыбайұлы». *Жаңаарқа күйшілері*. Алматы: - Үш қиян. 2005, 91 б.

Мағымұлы, Жақсылық. «Кәдіркей Садуақасұлы». *Жаңаарқа күйшілері*. Алматы: - Үш қиян. 2005, 92 б.

Мағымұлы, Жақсылық. «Мұхаметжан Тілеуханов». *Жаңаарқа күйшілері*. Алматы: - Үш қиян. 2005, 134-137 б. Редакторы Адина Жүсіп.

Мағзымұлы, Жақсылық. «Тоқпан Мүсірәлімұлы». *Жаңаарқа күйшілері*. Алматы: - Үш қиян. 2005, 79 б.).

Мағзымұлы, Жақсылық. «Сарбас Бақмағанбетұлы». *Жаңаарқа күйшілері*. Алматы: - Үш қиян. 2005, 88 б.

Мациевский, Игорь. «Формирование системно-этнофонического метода в органологии». *Методы изучения фольклора. Сборник научных трудов*. Ленинград, ЛГИТМиК, 1983. с.54-63.

Мұсылманбек Жаннұр және Бәбіжан Бағлан. Бекболат Тілеухановтың өмірі мен шығармашылығы. *Дипломдық жұмыс*. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы. Алматы, 2021. 40 б.

Sajana S. Murzaliyeva, Gliya T.Akparova. Folk Music Revival and Contemporary Tendencies of the National Traditions of Kazakhstans' Musical Culture. *National Musical Cultures*. 2020, №4. DOI:10.33779/2587-6341. с. 207-216.

Утегалиева, Сауле. «О новых методах и подходах в изучении в домбровой музыки казахов». *Жаһанды мәдениет және ұлттық сахна өнері: диалог және ықпалдастық (А.Мұқановтың 60 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция 17.03.2023 ж.)* – Алматы: Принт-Экспрес, 2003. – с. 23-30.

Утегалиева, Сауле. *Звуковой мир тюркских народов: теория, история, практика (на материале инструментальных традиции Центральной Азии)*. V бөлім. Москва, «Композитор», 2013. с. 272-231.

Ысқақов, Біләл. «Тәттімбет тәліміндегі бүгінгі күйлер». *Сарыарқа саздары (Тәттімбет тәліміндегі күйлер жинағы)*. Алматы: - 2007. 384-386 б.б.

Zhang Shan. 2025. The Practices and Narratives on Dombra Music of Traditions Kazakh People in the Altai region, Northern Xinjiang. *Asian-European Music Research Journal* v, 15: 49-58. DOI: 10.30819/aemr. 15-5. <https://www.logos-verlag.de/PDFS/AEMR-15-compressed.pdf>

Zhumkenova Ayaulym. 2025. Reviewing Ensemble Forms in Kazakh Music-Making. *Asian-European Music Research Journal*, v, 15: 110-115. DOI: 10.30819/aemr.15-11. <https://www.logos-verlag.de/PDFS/AEMR-15-compressed.pdf>

References

- Abugazy, Murat. *Mukhametzhan Tileukhan. Arman-ai*. Almaty, «Temirkazyk». 2008. p. 67. (In Kazakh).
- Alina, Assel. Conversation with Mukhametzhan Tileukhanov. Karagandy, 22 July, 2023.
- Alina, Assel. Conversation with Mukhametzhan Tileukhanov. Almaty, 30 August, 2023.
- Alina, Assel. Conversation with Mukhametzhan Tileukhanov. Astana, 11 March, 2026.
- Alina, Assel. Conversation with Zhangali Zhuzbay. Astana, 25 December, 2023.
- Bekenov, Uali. “Toka Shonmanuly”. *Shertpe kui sheberleri*. [Masters of the shertpe kui]. Almaty, Zhalyn.1977. p.p. 19-22. (In Kazakh).
- Belogurova, Larissa. «G.M.Naumenko. Folklore source-study aspect». [Folklornye G.M. Naumenko istochnicovedchekie aspekty]. *Vestnik of Saint-Petersburg University. Art Studies* 15, no, 2, 2025, 135-153. DOI: 10.21638/spbu15.2025.202.
- Brita Renee Heimarck. Musical Ritual and Ritual Music: Music as a Spiritual Tool and Religious Ritual Accompanement July 2022. UDK 783:783:23 (594.61). DOI: 10.4312/mz.58.1.43-59.
- Iskakov, Bilal. “Saryarka sazday. Tattimbet talimindegi bugingi kuiler”. [Melodies of Saryarka. The kui of the Tattimbet school today]. [Collections of kui from the Tattimbet school]. Almaty, 2007. p.p. 384-386. (In Kazakh).
- “Ritual songs and kuis”. *Folklore of Kazakh music*. Alma-Ata, “Nauka”, KazSSR, 1982, p.p. 66-72.
- Kamaklyzy, Zhanyngul and Rakhmankul, Berdibay. “Amanattai saktalghan asyl myra”. [A Precious Heritage Preserved as a Sacred Trust]. Records of classes help at the public People’s University of Kazakh Literature and Arts in Almaty, operating on a voluntary basis and located in the Mukhtar Auezov Memorial House-Museum. Almaty, 2017. p.p. 191-198. Edited by Zhaparkulova, Anar. (in Kazakh)
- Magzymuly, Zhaksylyk. “Koibagar, Zhylykybayuly”. *Zhanaarka kuishileri*. [Kuishi’s from Zhanaarka]. Almaty, Ush Kiyan. 2005, p. 91. (In Kazakh).
- Magzymuly, Zhaksylyk. “Mukhametzhan Tileukhanov”. *Zhanaarka kuishileri*. [Kuishi’s from Zhanaarka]. Almaty, Ush Kiyan. 2005, p.p. 134-137, Editor Adina Zhusip. (In Kazakh).
- Magzymuly, Zhaksylyk. “Tokpan Musiralimuly”. *Zhanaarka kuishileri*. [Kuishi’s from Zhanaarka]. Almaty, Ush Kiyan. 2005, p. 79). (In Kazakh).
- Magzymuly, Zhaksylyk. “Sarbas Bakmaganbetuly”. *Zhanaarka kuishileri*. [Kuishi’s from Zhanaarka]. Almaty, Ush Kiyan. 2005, p. 88. (In Kazakh).
- Matsiyevski, Igor. “Formirovanie sistemno-etnofonicheskogo metoda v organologii”. [The Formation of the Systemic Ethnophonic Method in Organology]. *Methods of studying folklore*. Leningrad, LGITMandK, 1983. p.p. 54-63. (In Russian).

Musylmanbek, Zhannur. Babizhan, Baglan. “Bekbolat Tileukhanovtyn omiri men shygarmashylygy”. [The Life and Creative work of Bekbolat Tilekhanov] *Diploma work*. Kurmangazy Kazakh National Conservatory. Almaty, 2021. p. 40. (In Kazakh).

Sajana S. Murzaliyeva, Gliya T. Akparova. Folk Music Revival and Contemporary Tendencies of the National Traditions of Kazakhstan's Musical Culture. *National Musical Cultures*. 2020, № 4. DOI:10.33779/2587-6341. p.p. 207-216.

The Anthology. In three volumes. – Vol. 2. Mukhametzhan Tileukhan. “Uly dalaynyn kone saryndary. Aspapytk kone saryndar. Dasturli kui oneri”. [Ancient motifs of the great steppe. Ancient instrumental motifs. Traditional art of kui]. Almaty, «Brend book», 2020. p.p. 244-247. Executive editor Kaztuganova, Ainur. (In Kazakh).

Utegalieva, Saule. “O novykh metodah i podhodah v izuchenii v dombrovoi muzyki kazakhov” [On New Methods and Approaches in the Study of Kazakh Dombra music]. *Transformation of National values in Modern: Stage and Screen art. (International Research and Practice Conference collection materials 17.03.2023)*. Institute of literature and art named after Mukhtar Auezov association of theater critics of Kazakhstan Kazakh National Academy of arts named after Temirbek Zhurgenov. Almaty, Print-Express, 2003. p.p. 23-30. (In Russian).

Utegalieva, Saule. Chapter 5. Stage 2. “Vertical i gorizontal. Fenomen formy kristalla (na materiale Dombrovoi muzyki Zapadnogo Kazakhstana). [Vertical and horizontal lines. Crystal form phenomenon (on a material of Dombra music of the Western Kazakhstan)]. *Sound world of music of the Turkic peoples: theory, history, practice (on the material of the Central Asian Instrumental traditions)*. Moscow, «Kompozitor», Publishing House. 2013. p.p. 272-273. (In Russian).

Zhanibekov, Yertai. “Omiri kuimen orilgen» [“A life woven through with kui”]. Central Kazakhstan (Karagandy). 28 July, 2016, p.p. 8. (In Kazakh).

Zhubanov, Akhmet. Tattimbet. *An-kui sapary*. [The Journey of songs and kuis]. Almaty, Gylym. 1976. p.p. 77-81. (In Kazakh).

Zhumadildin, Assan. *Zhanaarka. Dereknama. [Zhanaarka. Bibliography]*. Almaty, «Kenzhe-Press-Mediya». 2003. p. 348. (In Kazakh).

“Kazaktyn muzykaluk folklori”. [Kazakh musical folklore]. Alma-Ata, «Nauka». 1982. p.p. 66-72. Edited by Boris Yerkovich. (In Russian).

Zhang Shan. 2025. The Practices and Narratives on Dombra Music of Traditions Kazakh People in the Altai region, Northern Xinjiang. *Asian-European Music Research Journal* v, 15: 49-58. DOI: 10.30819/aemr. 15-5. <https://www.logos-verlag.de/PDFS/AEMR-15-compressed.pdf>

Zhumkenova Ayaulym. 2025. Reviewing Ensemble Forms in Kazakh Music-Making. *Asian-European Music Research Journal*, v, 15: 110-115. DOI: 10.30819/aemr.15-11. <https://www.logos-verlag.de/PDFS/AEMR-15-compressed.pdf>

Алина Асель, Утегалиева Сауле

Казахская национальная консерватория имени Курмангазы (Алматы, Казахстан)

КҮЙШІ МҰХАМЕТЖАН ТІЛЕУХАНОВ: ИСПОЛНИТЕЛЬСКОЕ ИСКУССТВО И ТВОРЧЕСТВО

Аннотация. Данная статья впервые посвящена личности кюйши Мухаметжана Тилеуханова, творчество которого до сих пор малоизучено в современном казахстанском этномузыковедении. *Цель исследования* – осветить творчество (исполнительство) современного кюйши Мухаметжана Тилеуханова, как наиболее яркого представителя домбровой школы Тока Шонманұлы (1830-1914) (Аркинская традиция *шертпе* кюев). *Задачи исследования:* 1. Характеристика исполнительского искусства Мухаметжана и 2. Всесторонний анализ творчества, включая авторские кюи «*Арман-ай*», «*Аңсаған*». В данной работе используются *сравнительно-типологический, сравнительно-исторический, а также системно-этнофонический* (Игорь Мациевский) методы. Для изучения домбровой музыки авторы обращались к методу *музыкально-стилевого (тематика, композиционное строение, метроритмика и ладоинтонационные особенности)* анализа, разработанного профессором Сауле Утегалиевой. Были использованы термины *основной интонационно-ритмический комплекс* (ОИРК – термин Сауле Утегалиевой) и *вариантно-строфическая форма*. Показательно обращение к трудам отечественных этномузыковедов, посвященных изучению казахской домбровой музыки (Ахмет Жубанов, Болат Сарыбаев, Хайрулла Жузбасов, Багдаулет Аманов, Асия Мухамбетова, Пернебек Шегебаев, Сайра Райымбергенова, Сауле Утегалиева, Гульзада Омарова, Раушан Несипбай), в том числе *шертпе* кюев (Уали Бекенов, Жаркын Шакаримов, Билал Искаков, Айтжан Токтаган, Жангали Жузбай, Мурат Абугазы). Также, используются материалы, собранные в фольклорно-этнографических экспедициях в Карагандинскую область (2023-2025 г.г.). Для анализа кюев авторы обращались к известным сборникам кюев. В результате исследования было определено современный интонационный строй кюев Тилеуханова (влияние песни кобызовая музыка). Данный материал представляет особый интерес для изучения *шертпе* кюев и учебной образовательной программы.

Ключевые слова: Аркинский регион (Центральный Казахстан), *шертпе* кюй, домбыра, традиция, кюйши, анализ.

Для цитирования: Алина, Асель, и Сауле Утегалиева. «Кюйши Мухаметжан Тилеуханов: исполнительское искусство и творчество». *Central Asian Journal of Art Studies*, vol. 11, №1, 2026, с. 33–54, DOI: 10.47940/cajas.v11i1.1126

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Alina Assel¹, Utegalieva Saule²,

Kurmangazy Kazakh National Conservatory (Almaty, Kazakhstan)

KUISHI MUKHAMETZHAN TILEUKHANOV: HIS PERFORMANCE ART AND CREATIVITY

Abstract. This article is the first to be dedicated to the figure of the küishi Mukhametzhan Tileukhanov, whose work remains understudied in modern Kazakhstani ethnomusicology. The *aim* of this study is to examine the creativity (performing) of the contemporary *kuishi* Mukhametzhan Tileukhanov as one of the most prominent representatives of the dombra school of Toka Shonmanuly (1830-1914) (Arka tradition of *shertpe kui*). The *objectives* of the research are: (1) to characterize Tileukhanov's performance style, and (2) to provide a comprehensive analysis of his creativity, including the original *kuis* "Arman-ai" and "Ansagan". In this study, comparative-typological, comparative-historical, and system-ethnophonic *methods* (Igor Matsievsky) are employed. To examine dombra music, the authors also turned to the method of musical-stylistic analysis developed by Professor Saule Utegalieva. Within this framework, the thematic content, compositional structure, metro-rhythmic organization, and modal-intonational features of the *kuis* are considered. The concepts of the *basic intonational-rhythmic complex* (BIRC – term by Saule Utegalieva) and the variant-strophic form were also applied. Special attention is given to the works of Kazakh ethnomusicologists on dombra music, particularly *shertpe kuis*. The article also draws upon the research of folklorists. Materials collected during folklore-ethnographic expeditions to the Karaganda region (2023-2026) were also used. The study identifies the contemporary intonational system of Tileukhanov's küys, highlighting the influence of song and kobyz traditions. The material is of particular significance for the study of *shertpe küy* and for the development of educational programmes in this field.

The presented material is of particular importance for the study of *shertpe kuis*, including those of Toka and successors of his performing school.

Keywords: Arka area (Central Kazakhstan), *shertpe kui*, dombra, tradition, *kuishi*, comparative analysis.

Cite: Alina, Assel, and Saule, Utegalieva. «Kuishi Mukhametzhan Tileukhanov: his performance art and creative work». *Central Asian Journal of Art Studies*, vol. 11, №1, 2026, p.p. 33–54, DOI: 10.47940/cajas.v11i1.1126

The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interests.

Авторлар туралы мәлімет:

Әсел Қайратқызы Алина – «8D040400 – Дәстүрлі музыка өнері (Домбыра)» мамандығы бойынша 3-ші курс докторанты, өнертану ғылымдарының магистрі, Домбыра кафедрасының аға оқытушысы, Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясы (Алматы, Қазақстан)

Сәуле Ысқаққызы Өтеғалиева – Өнертану докторы, музыкатану және композиция кафедрасының профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы (Алматы, Қазақстан)

Сведения об авторах:

Алина Асель Кайратовна – докторант 3-го курса по специальности – «8D040400 – Традиционное музыкальное искусство (Домбыра)», магистр искусствоведческих наук, старший преподаватель кафедры «Домбыра», Казахская национальная консерватория имени Курмангазы (Алматы, Казахстан)

ORCID ID: 0009-0002-1976-1443
E-mail: asselalina84@gmail.com

Утеғалиева Сауле Исхаковна – доктор искусствоведения (PhD), профессор кафедры музыковедения и композиции заслуженный деятель Казахстана, кавалер ордена «Құрмет», Казахская национальная консерватория имени Курмангазы (Алматы, Казахстан)

ORCID ID: 0000-0001-9867-8511
E-mail: sa_u@mail.ru

Information about the authors:

Assel Alina Kairatovna – 3rd year Doctoral Student of the specialty – «8D040400 – Traditional music art (Dombra)», Master of arts, Senior lecturer at the Department of Dombira, Kurmangazy Kazakh National Conservatory (Almaty, Kazakhstan)

Saule Utegalieva Iskakovna – PhD in Arts, Full professor Musicology and Composition Department, Kurmangazy Kazakh National Conservatory (Almaty, Kazakhstan)